



Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 28 желтоқсандағы № 504 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 желтоқсанда № 35569 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 142 бабының 2-тармағының 3 абзацысына сәйкес тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Арнаулы әлеуметтік қызметтер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2024 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 504 Бұйрығымен
бекітілген

Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге ақы төлеу қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге ақы төлеу тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 142-бабын 2-тармағының үшінші абзацына сәйкес әзірленді және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге ақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер – адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын негіздерді еңсеру үшін адамға (отбасына) жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған көрсетілетін қызметтер кешені;

2) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушы – арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылған адам (отбасы);

3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер – арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыспен қамтылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге арналған бағаның шектері – арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген мемлекеттік құнын қамтамасыз етуге арналған тарифтердің ең жоғары және ең төмен деңгейлері;

5) Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – Кодекске сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін өнім берушілер ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын жергілікті атқарушы органдардың кепілдік берілген сома шегінде өтеуі шарттарымен оларға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін білдіретін цифрлық объект;

6) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

7) Электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2026 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.05.2026 № 179 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер құнын өтеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2-тарау. Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге ақы төлеу қағидалары

4. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің құнын төлеу әлеуметтік қызметтер порталында жасалатын арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шарт негізінде, арнаулы әлеуметтік қызметтерге арналған тарифтер шегінде жүзеге асырылады, олар Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесіне сәйкес жергілікті атқарушы органдармен бекітіледі (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32987 болып тіркелген).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 03.07.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектісі порталда сәйкес мына құжаттары негізінде жүзеге асырады:

1) "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 562 бұйрық) бекітілген нысан бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған ведомостарын қоса бере отырып, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі;

2) Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер "Шот-фактураны жазып беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 629 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37241 болып тіркелген) сәйкес электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып береді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.05.2026 № 179 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектіге арнаулы әлеуметтік қызметтерді төлеуге арналған құжаттарды уәкілетті орган қарауға қабылдағанға дейін себебін көрсете отырып, құжаттарды кері қайтарып алуға және оларға өзгерістер енгізуге жол беріледі.

7. Уәкілетті орган арнаулы әлеуметтік қызметтерді төлеу үшін осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды "Е-Собес" цифрлық жүйесіне келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және қабылдайды немесе себебін көрсете отырып, қайта қарау үшін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектіге қайтарады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.05.2026 № 179 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Уәкілетті орган арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектіге пысықтау үшін қайтарады және (немесе) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъекті мынадай негіздер бойынша қайта қарауға қайтарады:

- 1) 5-тармақта көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбау;
 - 2) 5-тармақта көрсетілген құжаттардағы ұсынылған мәліметтердің дәйексіздігі;
 - 3) көрсетілетін қызметті алушының қайтыс болуы;
 - 4) көрсетілетін қызметті алушының мүгедектігін жою;
 - 5) стационар, жартылай стационар немесе үй жағдайында көрсетілетін қызметті алушының үшінші мүгедектік тобын белгілеу;
 - 6) оңалту мен оңалтудың жеке жоспарында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша тиімді ұсыныстардың болмауы;
 - 7) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қоспағанда, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар мен балалардың кәмелеттік жасқа толуы;
 - 8) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін басқа ұйымдардан осындай қызметтерді алу;
 - 9) көрсетілетін қызметті алушының басқа елді мекенге көшуі;
 - 10) білім беру ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтерді алу;
 - 11) көрсетілетін қызметті алушыға іздеу жариялау;
 - 12) көрсетілетін қызметті алушыны хабар-ошарсыз кетті деп тану;
 - 13) медициналық ұйымдарда медициналық оңалтудан өту;
 - 14) балаларды стационарлық мекемелерден патронаттық тәрбиеге беру;
 - 15) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін маманның болмауы;
 - 16) арнаулы әлеуметтік қызмет түрлерін дұрыс тағайындауды анықтау;
 - 17) арнаулы әлеуметтік қызметтің түрі қаржыландырудың басқа тәсілдері (ҚБШ) арқылы көрсетіледі;
 - 18) көрсетілетін қызметті алушының (ақылы қызмет) есебінен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шарт жасасу;
 - 19) қызметті алушы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін тегін медициналық көмектің және (немесе) медициналық оңалтудың кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетіледі.
9. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъект уәкілетті органнан қайта қарау үшін қайтару туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде

қайтару себептерін жойып, 8-тармағында көрсетілген уәкілетті органның құжаттарды арнаулы әлеуметтік қызметтерге ақы төлеуге қайта жібереді.

10. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу уәкілетті орган құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК